

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Швейцария Конфедерациясына 2003 жылғы 20-21 қаңтардағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 28 мамырдағы N 109-ө өкімі

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Швейцария Конфедерациясына 2003 жылғы 20-21 қаңтардағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру және Қазақстан-Швейцария ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Швейцария Конфедерациясына 2003 жылғы 20-21 қаңтардағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары мен мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде тоқсанына бір рет Жоспардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 8 м а м ы р д а ғ ы
N 1 0 9 ө к і м і м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Швейцария Конфедерациясына 2003 жылғы 20-21 қаңтардағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с	Іс-шара	Орындау мерзімі	Орындау үшін жауаптылар
1	2	3	4

1 Мынадай құжаттардың күшіне енуі жөнінде қажетті мемлекетішілік рәсімдер жүргізу:

1.1 Қазақстан Республикасының 2004 жылдың Көлік және коммуника. Үкіметі мен Швейцария 1-тоқсаны циялар министрлігі Федералдық Кеңесі арасындағы Жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдау туралы келісім

1.2 Бағдарлама 1-саты "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының дерін жүйесіне" 2003 жылдың ішінде Орталық Азия елдеріне (КСЖ) Көпжақты сауда ықпалдас-тыру" Индустрия және сауда министрлігі

2 Мынадай құжаттардың жобаларын қол қоюға дайындау:

2.1 Дипломатиялық паспорт иелерінің визасыз сапарлары туралы келісім 2003 жылдың Сыртқы істер министрлігі ішінде

2.2 Қазақстан Республикасының 2003 жылдың Мәдениет, ақпарат және Үкіметі мен Швейцария ішінде қоғамдық келісім Федералдық Кеңесі арасындағы Мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары және жаңа ақпараттық технологиялар саласындағы өзара істер министрлігі, Сыртқы істер министрлігі түсіністік туралы декларация

2.3 Қазақстан Республикасының 2003 жылдың Қоршаған ортаны қорғау Үкіметі мен Швейцария ішінде министрлігі, Сыртқы Федералдық Кеңесі арасындағы Қоршаған ортаны қорғау саласындағы келісім

3 Дипломатиялық арналар бойынша Федералдық Президент П.Кушпеннің және Федералдық сыртқы істер кеңесшісі М.Калми-Рейдің Қазақстан Республикасына Сыртқы істер министрлігі ішінде

с а п а р ы н ы ң м е з г і л д е р і н

- пысықтау
- 4 Ауыл шаруашылығы саласын- дағы ынтымақтастық министрлігі Тұрақты Ауыл шаруашылығы министрлігі, Индустрия және сауда
- 4.1 Қазақстан және Швейцария фирмаларының тараптар ұйымдастыратын ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері мен көрмелеріне қатысуы Тұрақты Ауыл шаруашылығы министрлігі, Индустрия және сауда министрлігі
- 4.2 Швейцария тарапына ауыл шаруашылығы саласындағы Қазақстан инвестициялық жобаларын жіберу Тұрақты Ауыл шаруашылығы министрлігі
- 4.3 Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласында бірлескен кәсіпорындар құру министрлігі Тұрақты Ауыл шаруашылығы министрлігі, Индустрия және сауда
- 4.4 "Buehler AG" компаниясы- мен Қазақстанның астығын экспорттауды қамтамасыз ету үшін Ақтау аймағына ұн тартатын құрал-жабдықтар мен жүк тиеу қуаттарын салу саласындағы ынтымақтастық мәселелерін пысықтау
- 5 Швейцария тарапымен шағын және орта бизнес саласындағы ынтымақтастық Тұрақты Индустрия және сауда министрлігі
- 5.1 Шағын бизнес саласындағы жекелеген Қазақстан жобаларына жеке капиталын жұмсауды Швейцария жоспарлаған кәсіпкерлеріне көмек көрсету Тұрақты Индустрия және сауда министрлігі, Қаржы министрлігі
- 6 Туризм саласындағы ынтымақтастық Тұрақты Туризм және спорт жөніндегі агенттік

- | | | |
|--|----------------------------|--|
| 6.1 Қазақстанның "Туризм және Саяхат" халықаралық туристік жәрмеңкесіне КІТФ Швейцария туристік ұйымдарының қатысуы | Өткізу кезеңінде | Туризм және спорт жөніндегі агенттік, Индустрия және сауда министрлігі |
| 6.2 Қазақстанның туристік инфрақұрылымын дамытуға инвестицияларды тарту үшін Швейцария тарапына инвестициялық жіберу | Тұрақты | Туризм және спорт жөніндегі агенттік, Индустрия және сауда министрлігі жобаларды |
| 6.3 "ASH Азаматтық құрылыс қауымдастығы" Швейцария фирмасымен бірлесіп, Ыстықкөл өзені мен Алматы қаласы арасында фуникулер салу мүмкіндігін қарастыру жөніндегі агенттік | Тұрақты | Сыртқы істер министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Туризм және спорт |
| 7 Швейцария тарапымен банк саласындағы ынтымақтастық бойынша) | Тұрақты | Ұлттық Банк (келісім бойынша) |
| 7.1 Банктік қызметтер көрсетуі көлемі мен спектрін кеңейту консультациялар өткізу | 2003 жылдың ішінде жөнінде | Ұлттық Банк (келісім бойынша) екі жақты |
| 7.2 Швейцария банктерімен бірлесіп, Қазақстан Республикасында дыру секторын дамыту | 2003 жылдың ішінде | Ұлттық Банк (келісім бойынша) сақтан - |
| 7.3 Швейцария қаржы құрылымдарынан техникалық көмек алу мүмкіндігі. Атап айтқанда, мынадай бағыттар бойынша тәжірибені үйрену және практикалық дағды алу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметкерлерін оқытуда: | 2003 жылдың ішінде | Ұлттық Банк (келісім бойынша) |

1. Қаржылық қадағалау мәселелері бойынша: Бірыңғай қаржылық қадағалау; қаржы рыногы субъектілерінің қызметін шоғырландырылған және трансшекаралық қадағалау, тәуекелді басқару; қаржы рыногы субъектілерін тарату және сауықтыру рәсімдері;

сақтандыру ұйымдарының, бағалы қағаздардың кәсіпқой қатысушыларының, жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін пруденциалдық реттеу; бағалы қағаздардың кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттеу ұйымдарының өкілеттіктері мен функциялары, мемлекеттік органдар мен өзін-өзі реттеу ұйымдары арасындағы қадағалау функцияларын бөлу; басқа елдердің заңнамасына сәйкес шығарылған шетелдік эмитенттердің бағалы

қағаздарына рұқсаты;

2. Швейцарияның Ұлттық Банкі-мен ақша-кредит саясатын және валюта бағамын реттеу жөніндегі мәселелер бойынша;

3. Тұрғын үйді ұзақ мерзімге қаржыландыру жүйесін ұйымдастыру мәселелері бойынша (ипотекалық кредит беру және құрылыс жинақтарының

жүйесі)

8 Швейцария тарапымен мәдени-гуманитарлық саладағы Тұрақты Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім

- және білім беру саласындағы ынтымақтастық ғылым министрлігі
- 8.1 Қазақстан Республикасында 2003 жылдың Сыртқы істер көрмелер мен басқа да іс- ішінде министрлігі, Индустрия шаралар ұйымдастыра отырып, және сауда министрлігі, Швейцария апталығын ұйым- Экономика және дастыру мүмкіндігін қарастыру бюджеттік жоспарлау министрлігі, Туризм және спорт жөніндегі агенттік, Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Білім және ғылым министрлігі
- 8.2 Швейцарияның жоғарғы оқу Тұрақты Білім және ғылым орындарында Қазақстан студенттерінің тағылымда. мадан өтуін және оқуын ұйымдастыру
- 8.3 Қазақстан Республикасының 2004 жылдың Білім және ғылым кәсіпқой бастауыш білімінің ішінде министрлігі дамуына ықпал ететін Қазақстан-Швейцария жобасын әзірлеу
- 9 Швейцарияның "Economiesuisse" 2003 жылдың Астана қаласының кәсіпкерлер одағымен (И.Шнайдер ішінде әкімдігі - Аммана - "Ammann" компаниясы) асфальт және бетон өндіру саласындағы ынтымақтастық мәселелерін пысықтау
- 10 "KEGOC" электр жүйелерін 2003 жылдың Энергетика және басқару жөніндегі қазақ. ішінде минералдық ресурстар стандық компаниясы" министрлігі, "KEGOC" ЖАҚ-тың "ABB" компаниясымен ЖАҚ

инфрақұрылымдарды жаңғырту
саласындағы ынтымақтастық

мәселелерін пысықтау

- | | | | |
|----|--|-----------------------|---|
| 11 | "Schmelzmetall AG" компания-
сымен атом энергетикасы сала-
сындағы ынтымақтастық мәсе-
лелерін пысықтау | 2003 жылдың
ішінде | Энергетика және
минералдық ресурстар
министрлігі,
"Қазатомөнеркәсіп" |
| | ҰАК" ЖАҚ | | |
| 12 | Сауда саласындағы ынтымақ-
тастықты кеңейту | Тұрақты | Индустрия және сауда
министрлігі |
-